

**БАЛАНСТЫҢ ӨТІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ТӨЛЕМ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ**



Мақсаты: Кәсіпорынның активтері мен пассивтерінің құрылымын талдау, қаржылық тұрақтылықты талдау, төлем қабілеттілігін және өтімділікті талдау, меншікті капиталдың қажетті өсімін талдау.



Пассив – бұл кәсіпорынның қарыздары. Кәсіпорын тиістілігіне қарай капитал меншікті (пассивтің ІІІ бөлімі) және заемды (пассивтің І және ІІ бөлімі) болып бөлінеді. Пайдалану ұзақтылығы бойынша капитал ұзақ мерзімді, тұрақты (пермаментті) (ІІІ және І бөлімі) және қысқа мерзімді (ІІ бөлімі) болып бөлінеді.



КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫ ДҰРЫС АНЫҚТАП АЛУ ҚАЖЕТ. БҰЛ ТҰРҒЫДА КӘСІПОРЫННЫҢ РЫНОКТЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН СИПАТТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕРГЕ МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:

- қаржылық тәуелсіздік коэффициенті немесе жалпы капиталдағы меншікті капиталдың үлесі;
- қаржылық тәуелділік коэффициенті (заемды капитал үлесі);
- қаржылық тәуекел коэффициенті (заемды капиталдың меншікті капиталға қатынасы).



ДЕБИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗДАР ҚАТЫНАСЫ 2:1 БОЛҒАНЫ ДҰРЫС
ДЕП САНАЛАДЫ. КӘСІПОРЫН АЙНАЛЫМЫНДАҒЫ КРЕДИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ОРТАША ҰЗАҚТЫЛЫҒЫ КЕЛЕСІ ФОРМУЛА АРҚЫЛЫ
АНЫҚТАЛАДЫ:



БАЛАНС БОЙЫНША АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫН ТАЛДАУ ҮШІН
КЕЛЕСІ АНАЛИТИКАЛЫҚ 2 КЕСТЕ ҚҰРЫЛАДЫ:

Кесте 1 - Активтердің құрамы мен олардың орналасуын талдау

№	Көрсеткіштер	жыл басына		жыл аяғына		Ауытқу (+,-)	
		мың теңге	үлес салмағы %	мың теңге	үлес салмағы %	мың теңге	үлес салмағы %
1.	Активтер құны, оның ішінде:	92551	100	41917	100	9406	28,9
	ұзақ мерзімді активтер	18770	57,66	20001	47,67	1231	6,56
1.1	оның ішінде:						
	а) негізгі құралдар	18642	57,27	19497	46,47	855	4,59
	б) қаржылық салымдар	128	0,39	504	1,20	376	293,75
	ағымдық активтер о.і.:	13781	42,34	21956	52,33	8175	59,32
1.2.	а) өндірістік запастар	1501	4,61	1358	3,24	-143	-9,53
	б) дайын өнім	7652	23,51	14358	34,65	6886	90,0
2.	Кәсіпорынның өндірістік потенциал құны	20143	61,88	20855	49,71	712	3,53

$$20143=1.1a+1.2a=18642+1501$$

Өндірістік бағыттағы мүлік коэффициентінің шектеуі K_n 0,5 (біздің кәсіпорында 49,71% - өндірістік потенциал үлесі).

Кәсіпорын активтерінің мобильділік коэффициенті ағымдық активтердің жалпы активке қатыстылығымен анықталады.

Бұл көрсеткіш қарыздарды өтеуге кеткен капиталдың үлесін көрсетеді. Кәсіпорын активтерінің тиімді орналасуын сипаттайтын көрсеткіштің бірі - бұл мобильді және иммобильді капиталдардың қатыстылығы коэффициенті (ағымдық активтердің ұзақ мерзімді активтерге қатыстылығы). Бұл көрсеткіштің деңгейі 0,5-тен кем болмауы керек.



Ағымдық активтер құрамы мен құрылымын анықтау үшін келесі аналитикалық кестені құрамыз (кесте2).

Кесте 2- Активтердің құрамы мен құрылымын талдау

№	Көрсеткіштер	жыл басына		жыл аяғына		Артуы (+), кемуі (-),%
		мың теңге	үлес салмағы %	мың теңге	үлес салмағы %	
1.	Ағымдық активтер оның ішінде:					
	Тауарлы-материалдық запастар	13781	100	21956	100	59,3
1.1.	Дебиторлық қарыздар	11153	80,93	17617	80,24	57,9
1.2.	Ақша қаражаты және қысқа мерзімді қаржы-лық инвестициялар	1165	8,45	1671	7,61	43,4
1.3.	Басқа ағымдық активтер	1463	10,62	1425	6,49	-2,6
1.4.		-	-	1243	5,66	5,66

Ең мобильді активтерге ақша қаражаты және қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар жатады. Олардың ағымдық активтерге қатыстылығымен айналым құралдарының мобильділік коэффициенті анықталады. Бұл көрсеткіш ағымдық міндеттемелерді өтеу үшін кететін қаражаттың үлесін көрсетеді.

Меншікті капитал құрамына жарғылық қор, қосымша капитал, резервтік капитал және бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян) кіреді. Меншікті айналым капиталы көлемін анықтау үшін меншікті капитал сомасынан баланс активінің I бөлім қорытындысын алып тастаймыз.

Меншікті капиталдың жалпы көлеміндегі меншікті айналым капиталының үлес салмағы жылдамдық коэффициенті деп аталады.

$$K_M = \frac{C_{ok}}{C_k}$$

$$K_M \geq 0,5$$

Мұндағы K_M — жылдамдық коэффициенті.
Бұл коэффициенттің жоғары деңгейі кәсіпорынның оң қаржылық жағдайын сипаттайды.



КЕЛЕСІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ЗАПАСТАРДЫ
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ КОЭФФИЦИЕНТІ ($K_{o/3}$)

$$\square K_{o/3} = \frac{C_{ок}}{3}$$

Мұндағы 3 – тауарлы-материалдық запастар;

$C_{ок}$ – меншікті айналым капиталы.

Оның әдеттегі көлемі: $K_{o/3} \geq 0,6:0,8$.

Дебиторлық және кредиторлық қарыздар қатыстылығы 2:1
болып ұсынылады.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ АБСОЛЮТТИ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ КЕЛЕСІ
КӨРСЕТКІШТЕР ЖАТАДЫ:**

1. Меншікті айналым капиталы ($C_{ок}$). Ол баланс пассивінің бірінші бөлімінен баланс бөлімінің бірінші бөлімі алынып тасталумен анықталады:

$$C_{ок} = C_k - D^a = I_p П - I_p A$$

2. Тауарлы-материалдық запастардың қалыптасуының меншікті және ұзақ мерзімді заемды көз қайнарлары ($C_{ок/д}$).

$$C_{ок/д} = C_{ок} + D^o = C_{ок} + I_p П,$$

Мұндағы D^o – ұзақ мерзімді міндеттемелер

$I_p П$ – баланс пассивінің екінші бөлімі.

3. Тауарлы-материалдық запастардың қалыптасуының негізгі көздері көлемі (ОИ):

$$ОИ = C_{ок/д} + K_k,$$

Мұндағы K_k – қысқа мерзімді несиелер мен заемдар.



Бұл үш көрсеткішке тауарлы-материалдық запастармен қамсыздану көрсеткіштері сәйкестеледі:

1. Меншікті айналым капиталының артықтығы (+) немесе кемшілігі (-).

$$C_{ок} = C_{ок} - З,$$

Мұндағы З – тауарлы-материалдық запастар.

2. Тауарлы-материалдық запастар қалыптасуының меншікті және ұзақ мерзімді көзқайнарлар артықшылығы (+) немесе кемшілігі (-)

$$C_{ок} = C_{ок/д} - З,$$

3. Запастар қалыптасуының негізгі көзқайнарларының көлемінің артықшылығы (+) немесе кемшілігі (-)

$$ОИ = ОИ - З,$$



Осы көрсеткіштерді анықтау арқылы біз кәсіпорынның қаржылық жағдайын оның тұрақтылық деңгейі бойынша 4 типке бөлеміз:



- қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы;
- қаржылық жағдайдың қалыпты жағдайдағы тұрақтылығы;
- тұрақсыз қаржылық жағдайы;
- кризисті қаржылық жағдай.



Кәсіпорын активтері **өтімділік деңгейіне** байланысты (ақша қаражатына айналу жылдамдығына байланысты) келесі топтарға бөлінеді:

- A_1 – ең өтімді активтер: кәсіпорынның ақша қаражаттары және бағалы қағаздар;
 - A_2 – тез өтімді активтер: қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар және басқа да активтер;
 - A_3 – баяу өтімді активтер: тауарлы-материалдық запастар, ұзақ мерзімді инвестициялар;
 - A_4 – қиын өтімді активтер: баланс активінің бірінші бөлім статьялары.
- Баланс пассивтері олардың өтелу жылдамдығы бойынша топталады:
- P_1 – ең тығыз міндеттемелер: уақытында өтелмеген кредиторлық қарыздар, ссудалар, басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер;
 - P_2 – қысқа мерзімді міндеттемелер: қысқа мерзімді міндеттемелер және займдар;
 - P_3 – ұзақ мерзімді міндеттемелер: ұзақ мерзімді несиелер мен займдар;
 - P_4 – тұрақты міндеттемелер: пассивтің бірінші бөлім статьялары «Меншікті капитал».



Егер де келесі қатыстылықтар сақталса, баланс өтімді
болып есептеледі:

1. $A_1 = \Pi_1$

2. $A_2 = \Pi_2$

3. $A_3 = \Pi_3$

4. $A_4 \leq \Pi_4$



Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттелігін талдау..

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі – бұл өзінің міндеттемелері бойынша уақтылы төлемдерді іске асыру. Төлем қабілеттілік коэффициенті ақшалай қаражаттың тығыз төлемдер сомасына қатыстылықпен анықталады. Егер коэффициент бірге теңелсе немесе одан жоғары болса, кәсіпорын төлемқабілетті болып саналады.



Кәсіпорынның перспективті төлемқабілеттілігін анықтау үшін келесі өтімділік көрсеткіштер анықталады:

- ❖ Абсолютті өтімділік коэффициенті;
- ❖ Аралық жабу (өтеу) коэффициенті;
- ❖ Жалпы жабу (өтеу) коэффициенті.

Абсолютті өтімділік коэффициенті – бұл ақша қаражаты мен тез сатылатын бағалы қағаздардың тығыз және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы. Бұл көрсеткіш ағымдағы қарыздардың қаншалықты жабылғанын көрсетеді. Оның әдеттегі шектеуі $K_{ал} \geq 0,2:0,5$

\geq



Аралық өтеу коэффициентін анықтау үшін алдыңғы көрсеткіштерін ақша қаражаттарына дебиторлық қарыздар мен басқа да активтер кіреді. Бұл көрсеткіш уақтылы дебиторлармен есеп айырысу арқылы кәсіпорынның төлемдік мүмкіншіліктері қаншалықты екенін айқындайды. Бұл коэффициенттің әдеттегі шектеуі $K_{пл} \geq 1$ (0,7 - 0,8) немесе 0,5 төмен болмауы керек.



КЕСТЕ 2- АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ ӨТІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Көрсеткіштер	жыл басына	жыл аяғына	өзгеруі (гр.2-гр.1)
1.	Ағымдық активтер, мың теңге оның ішінде:	13781	21956	+8175
1.1.	ақша қаражаттары және қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1465	1425	-38
1.2.	дебиторлық қарыздар және басқа активтер	1165	2814	+1749
1.3.	тауарлы-материалдық запастар (болашақ кезең шығындарысыз)	11153	17617	+6464
2.	Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың теңге соның ішінде:	4646	9681	+5038
2.1.	қысқа мерзімді міндеттемелер	-	-	-
2.2.	кредиторлық қарыздар	4294	8081	+3787
2.3.	басқа ағымдық міндеттемелер	349	1600	+1251
3.1.	Абсолютті өтімділік коэффициенті (стр1.1:стр.2)	0,315	0,147	-0,168
3.2.	Аралық өтімділік коэффициенті (стр1.1.+стр1.2): стр2	0,566	0,448	-0,018
3.3.	Өтімділіктің жалпы коэффициенті (стр1.1+стр1.2+стр1.3):стр2	2,968	2,268	-700

Ағымдық өтімділік коэффициенті (жалпы өтеу коэффициенті) ағымдық активтердің (болашақ кезең шығындарысыз) тығыз және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткіш ағымдық активтер ағымдық міндеттемелерді қаншалықты жабатынын көрсетеді. Әдеттегі шектеуі $K_{\text{тл}} 2$.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

